

**ГЕОГРАФИЯДАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА, 2017 ж.**  
**ЖАЗБАША ТУРДЫҢ ТАПСЫРМАЛАРЫ**  
**11 - СЫНЫП**

**ТАПСЫРМА 1.** Есепті шешіңіздер:

**Есеп 1.** 1:200 000 масштабтағы планда теміржол вокзалы мен карьер арасындағы қашықтық 5,6 см құрайды. Екінші планда бұл қашықтық 22,4 см құрайды. Екінші планның масштабы қандай?

**Есеп 2.** Егер меридианның 165 градусында жергілікті уақыт 18 сағат 30 минут болса, 75 меридиандағы дәл уақытты анықтаңыз.

**Есеп 3.** Қазіргі уақытта ол жерде түн ортасы және ол Лондоннан 120 градус шығысқа қарай орналасқан. Нүктенің нақты уақытын анықтаңыз.

**Есеп 4.** Күннің шығу уақытында өлшенген көлденең бұрыш бізге белгілі және ол 120 градусты құрайды. Күннің қай уақытта шыққанын және батқанын, сонымен бірге күннің ұзақтығын анықтаңыз.

**Есеп 5.** А тауының шыңында атмосфералық қысым 360 мм сынап бағанасына тең, С тауының шыңында сынап бағанасы – 180 мм. Егер олардың етегінде атмосфералық қысым қалыпты жағдайда болса, С тауы А тауынан қанша шақырымға биік орналасқан?

**Есеп 6.** Масштабы 1: 600 000 картада А және В станциялары арасындағы қашықтық 52 см-ге тең, масштабы 1: 500 000 картадағы А және С станциялары арасындағы қашықтық - 52 см. А және В станциялары арасындағы арақашықтық А және С станциялары арасындағы арақашықтықтан қаншаға кем?

**Бағалау өлшемдері:**


Әрбір дұрыс шешілген есеп үшін– 1 ұпайдан. **Барлығы – 6 ұпай.**

**ТАПСЫРМА 2.**

1 және 2 суреттерде Қазақстандағы 2 ірі көлдердің контуры көрсетілген. 1-суретте «1», «2» және «3»; 2-суретте «5», «7» және «9» сандарымен берілген көлдердегі географиялық объектілердің атауын анықтаңыз.



Сурет 1 (2010жыл)



Сурет 2

**Бағалау өлшемдері:**

Сандар бойынша әрбір географиялық объектіні дұрыс анықтағаны үшін—1 ұпайдан. **Барлығы: 6 ұпай.**

**ТАПСЫРМА 3.**

Желдің таралуы жергілікті жердегі атмосфералық қысым мен жер бедеріне байланысты. Қазақстан орналасқан ендіктерде тұрақты батыс желдері басым екені белгілі. Алайда, біздің республикамыздың аумағында «жергілікті» желдер де соғады. 1-кестедегі сипаттамалар бойынша осы жел түрлерін анықтаңыз.

Кесте 1

	Атауы	Сипаты	Жылдамдығы	Басымдыққа ие аумағы
1		Алғаш рет бұл желді Ш.Уәлиханов сипаттаған. Жылы жел жылына орта есеппен 70-100 күн соғады.	60-80 м/с	Жетісу Алатауының оңтүстік-шығысында Қытай аумағында орналасқан көл шұңқырының үстінен соғады
2		Бұл желдің ұзақтығы 2-3 күн, ол қатты қарлы боранмен және бұрқасынмен қатар жүріп, мал шаруашылығы мен балық аулауға зиянын келтіріп, көлік жұмысын қиындатады.	50-60 м/с	Жетісу қақпасы арқылы атауы бір жотадан Орталық Азияға қарай және керісінше соғатын жел
3		Іле аңғарында Шелек өзенінің бастауындағы мұздықтар аймағынан суық ауаның қозғалысы нәтижесінде пайда болған таулы-аңғарлы жел. Бұл жел	8-10 м/с	Іле аңғары

		күндіз солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай өзені аңғарын бойлай, ал түнде - қарама-қарсы бағытта соғады. Қыста бұл жел күшейе отырып, күртік қар қалыптастырады және көлік қозғалысын қиындатады.		
4		Қаратау жотасының оңтүстік-батыс беткейінде орналасқан Арыстанды өзенінің бойымен үздіксіз соғатын таулы-аңғарлы жел. Мойынкүм шөлі арқылы өткенде құмды дауылға айналады.	35 м/с дейін	Қаратау жотасының оңтүстік-батыс беткейінде орналасқан өзен бойымен үздіксіз соғады
5		Атауы бір асу үстінен соғады. Жазда ең жоғарғы жылдамдығы 28 м/с, көктемде және күзде 34 м / с. Кейде желдің жылдамдығы 40 м/с (144 км/сағ) дейін жетеді. Осы жел күшін пайдаланатын жел электрлік құрылғылар жақын жатқан Мұзбелді елді мекенін электр энергиясымен қамтамасыз етеді.	40 м/с дейін Жазда ең жоғарғы жылдамдығы 28м/с, көктемде және күзде 34 м/с.	Кіндіктас тауы мен Жетіжол жотасы арасында соғады
6		Бұл желдің пайда болуы жер бедері және атмосфералық циркуляциямен байланысты. Бұл желдің жылдамдығы 50 м/секундке жеткенде, ол күшті дауылға айналады.	20-30 м/с	Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау облыстарының аумағында байқалады

**Бағалау өлшемдері:** Әрбір дұрыс шешілген тапсырмаға - 1 ұпайдан. **Барлығы – 6 ұпай.**


#### ТАПСЫРМА 4.

Төмендегі 1 карта-сұлбада тілдік семьялардың таралуы берілген. «1», «4», «5», «8», «10», «18» нөмірлерімен қандай тілдік семьялар берілгенін анықтаңыз?

1. Сібірдің солтүстік және солтүстік-шығысында, Қиыр Шығыс және Солтүстік Американың арктикалық аймағында бір-бірімен генетикалық ұқсастығы жоқ және Солтүстік Азияда тунгус-маньчжур тілдерінің кең тараған уақытынан бұрын қалыптасқан және сақталған тілдерге арналған жинақтаушы анықтама қалай аталады?

2. Туыс емес немесе өзара түсініксіз тілде сойлейтін, бірақ бір-бірімен азды-көпті жүйелі түрде белгілі бір объективті себептерге байланысты қарым - қатынас жасауға мәжбүр екі немесе одан да көп этникалық топтардың арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде дамыған, оңайлатылған тіл қалай аталады?

3. Алдыңғы сұрақ бойынша анықтамаға төмендегі мысал болып табылады:  
- Норвегияның солтүстік жағалауында ресейлік және норвегиялық саудагерлерге қызмет көрсеткен, аралас орыс-норвегиялық тіл. XVII -XX ғасырларда Норвегия мен Ресей арасында белсенді түрде астық және балық саудасы жүрген кезде пайда болды. Шпицбергенде сақталған.
4. Оңтүстік Африкада, негізінен Замбия, Зимбабве және Оңтүстік Африка кеңіштерінде таралған зулу тіліне негізделген тіл. Бастапқыда, бәлкім, Наталде қоныстанған британдықтардың жергілікті халықпен қатынас тілі ретінде пайда болуы мүмкін.



Карта-сұлба 1 – Тілдік семьялардың әлемде таралуы

**Бағалау өлшемдері:**

Тапсырманың 1-сұрағындағы тілдік семьяларды анықтай отырып, әрбір пунктке дұрыс жауап бергені үшін –0,5 ұпайдан. **Барлығы: 3 ұпай.**

Тапсырманың 2-4 сұрақтарына дұрыс жауап бергені үшін –1 ұпайдан. **Барлығы: 4 ұпай.**

**4 тапсырма үшін барлығы: 7 ұпай**

**ТАПСЫРМА 5.**

Әлемде БҰҰ-ның мүшесі, бірақ бір ұйымда мүше бола тұрып кейбір басқа мемлекеттер мойындамаған мемлекеттер бар. Төменде келтірілген сипаттама бойынша мойындалмаған мемлекеттерді анықтаңыз.

№ р/с	Мойындалмаған мемлекет контуры	Мойындалмаған мемлекеттің туы	Мойындалмаған мемлекет	Мойындалмаған мемлекеттің астанасы	Мойындалмаған мемлекет орналасқан ел
1					
2					
3					
4					
5					

6					
7					
8					
9					
10					

**Бағалау өлшемдері:**

Мемлекеттің атауын, оның астанасы мен орналасқан аумағын дұрыс анықтағаны үшін –0,5 ұпайдан. **Барлығы: 15 ұпай.**

**ЖАЛПЫ: 40 ҰПАЙ**

**ТАПСЫРМА АЯҚТАЛДЫ!**